

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ - Түрік Университеті
Жаратылыстану ғылымдары факультеті
Факультеттің Оқу-әдістемелік комитетінің
№3 ХАТТАМАСЫ

19.11.2025ж.

Қатысқандар: комитет төрағасы, PhD, доцент м.а. Сарбаева М.Т., мүшелері: оқу ісі бойынша декан орынбасары, аға оқытушы Б.Сарсенов, PhD, аға оқытушы Н.Шектібаев, PhD, аға оқытушы Ж.Тұрғанбаева, ХҚТУ проф. Г.Сарбаева, аға оқытушы А.Еримова, хатшы К.А.Баешова

Күн тәртібінде:

1. Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсыну және бітіру жұмысы формасын (диплом жұмысы/дипломдық жоба) анықтау
2. Дипломдық, магистрлік докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін, пікір берушілерін талқылау, бекітуге ұсыну
3. Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру
4. Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайын талдау
5. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы
6. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Комитет төрағасы, доцент м.а. Сарбаева М.Т.: 2025-2026 оқу жылында бітіруші білімгерлер үшін кешенді (мемлекеттік) емтихан пәндерінің тізімін алдыңғы комитет отырысында талдап, анықталған. Анықталған кешенді емтихан пәндерінің сұрақтарын бағдарламаларын жасап, кафедрада талқылаудан өткізіп, бекітуге ұсыну қажет.

ШЕШІМ: 2025-2026 оқу жылында бітіруші білімгерлер үшін кешенді емтихан бағдарламалары мен сұрақтарын бекітуге ұсынылсын.

2. Комитет төрағасы, доцент м.а. Сарбаева М.Т.: 2025-2026 оқу жылында 6B01573-Информатика, АКТ және робототехника білім беру бағдарламасының бітірушілері үшін кешенді емтихан тапсыратындығы оқу-әдістемелік комитеттің алдыңғы отырысында анықталды. 6B01509-Математика, 6B05449-Математика, 6B01510-Физика, 6B05348-Физика, 6B01513-Биология, 6B05146-Биология, 6B05169-Биотехнология, 6B01512 – Химия, 6B01562 – Химия-биология, 6B05247 – Экология, бітіруші білімгерлеріне дипломдық жобаның тақырыптары құрастырылып, бекітуге ұсыну қажет. Магистранттардың магистрлік, докторанттардың докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптарын құрастырып, үш тілге аударып бекітуге ұсынуымыз қажет. Дипломдық жұмысын әзірлеу мен рәсімдеу бойынша нұсқаулық дайындап, бекітуге ұсыну. Сонымен қатар 1-курс магистранттардың магистрлік диссертация тақырыптары мен жетекшілерін, 2-курс магистранттардың рецензенттерін анықтап, факультет кеңесінде қарауға ұсынуымыз қажет.

ШЕШІМ: 2025-2026 оқу жылында бітіруші студенттердің дипломдық жұмыстарының тақырыптары бекітуге ұсынылсын. Дипломдық жұмысын әзірлеу мен рәсімдеу бойынша нұсқаулық дайындап, бекітуге ұсынылсын, 1-курс магистранттардың магистрлік диссертация тақырыптары мен жетекшілерін, 2-курс магистранттардың рецензенттері бекітуге ұсынылсын.

3. Аға оқытушы Б.Сарсенов: Республикалық студенттік олимпиадаға қатысу мақсатында әр кафедрада білімгерлерді іріктеу жұмыстарын ұйымдастыру қажет. 1-турдан өткен білімгер республикалық пәндік олимпиадаға жолдама алады. Олимпиада ұйымдастыру, оның сұрақтары кафедра мәжілісінде талқыланып, бекітіледі. Әр курстың білімгерлерінен тест тапсырмалары қабылданып, олимпиадаға қатысушы білімгерлер іріктелінеді.

ШЕШІМ: Студенттердің пәндік олимпиадасын ұйымдастыру бойынша құжаттар дайындалып, орындалсын.

4. Комитет төрағасы, доцент м.а. Сарбаева М.Т.: Білім беру үдерісінде құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалау маңызды құрамдас бөлік болып табылады, себебі ол білім алушылардың кәсіби және жеке дамуын қамтамасыз етудің негізгі көрсеткіші болып саналады. Факультет деңгейінде құзыреттерді бағалаудың жүзеге асырылу жағдайын талдау үшін келесі аспектілер қарастырылады:

Бағалау жүйесінің ұйымдастырылуы

Бағалау құралдары: Факультетте білім алушылардың құзыреттерін бағалау үшін тесттер, практикалық тапсырмалар, жобалық жұмыстар немесе портфолио сияқты құралдардың қолданылу деңгейі.

Критерийлер мен көрсеткіштер: Құзыреттерді бағалау үшін анық әрі нақты өлшемдер мен көрсеткіштердің бар-жоғы.

Оқытушылардың біліктілігі: Бағалау жүйесін жүргізуге жауапты оқытушылардың құзыреттілігі мен тәжірибесі.

Құзыреттердің түрлері және олардың бағалануы

Кәсіби құзыреттер: Мамандыққа қатысты арнайы білім, дағдылар және икемдерді бағалау тәсілдері.

Жалпы құзыреттер: Коммуникация, топпен жұмыс, мәселелерді шешу және сыни ойлау қабілеттерін бағалау.

Цифрлық құзыреттер: Заманауи технологияларды қолдану дағдылары.

Ұсыныстар

Құзыреттерді бағалау жүйесін жетілдіру үшін ұсыныстар әзірлеу

Заманауи цифрлық технологияларды енгізу

Білім алушылар мен оқытушылардың құзыреттерін дамытуға бағытталған тренингтер ұйымдастыру

ШЕШІМ: Айтылған мәліметтер назарға алынсын

5. Комитет төрағасы, доцент м.а. Сарбаева М.Т.: ББ пәндері бойынша контенттердің, барлық пәндердің дәріс мәтіндері, практикалық сабақ тапсырмалары, БӨЖ, ОББӨЖ тапсырмалары, бағдарламалық сұрақтары порталға толық жүктелу қажет. Әр кафедраның оқу-әдістемелік комитетінің төрағалары мен кафедра меңгерушілері

пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің қамтамасыз ету жағдайын ауу.edu.kz порталдан тексеріп, мониторинг нәтижесіне талдау жасалып толықтыру қажет.

ШЕШІМ: Пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі оқу-әдістемелік комитетінің төрағалары тарапынан қадағалансын. ББ пәндері бойынша контенттердің толық және сапалы түрде жүктеліп, анықталған кемшіліктер жойылсын.

Оқу-әдістемелік комитеттің төрағасы:



М.Т. Сарбаева

Хатшы:



К.А.Баешова